

**Аудандық қоғамдық кеңес отырысының  
№1 хаттамасы**

Қордай ауылы

22 қаңтар 2026 жыл  
сағат 11:00

Өткен жері: Қордай «Аманат» мәжіліс залы

Қатысқандар: Н.Молдабеков - Қоғамдық кеңес төрайымы, аудандық Қоғамдық кеңестің барлық кеңес мүшелері: қатысқаны – 7 мүшелері.

Қатыспағандар: 4 (Агибаева К,-денсаулығына байланысты, М.Аманбаева, Т.Апаева -еңбек демалысында, Ж.Орақбай – іс-сапарда )- себепті

**Күн тәртібі:**

**1.Аудандық Қоғамдық кеңестің 2026 жылға арналған іс-жоспарын бекіту;**

2.Әр түрлі мәселелер.

Төрағалық етуші: Қоғамдық кеңес төрағасы – Н.Молдабеков өз сөзінде аудандық Қоғамдық кеңестің кеңес мүшелері Қоғамдық кеңестің отырысына жиналып отырсыздар.

**Кеңес төрағасы Н.Молдабеков:**

Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша, 2026 жылға арналған іс-жоспарының жобасы алдарыңызда бар, алып-қосарларыңыз бар ма деді.

Алып қосарларыңыз жоқ болса, жоспар жобасын бекітейік деді. Сонымен жоспар жобасын барлық комиссия мүшелері, бір ауыздан колдап, жоспар бекітілді.

**Кеңес төрағасы- Молдабеков Н.С:**

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша әр түрлі мәселелер талқыланатын болады деді.

Кеңес төрағасы Н.Молдабеков былай деді: Күн тәртібінің келесі әр түрлі мәселесі бойынша 2026 жылдың ақпан айында қоғамдық кеңестің отырысына мынадай мәселелер қаралады: *А) Бала қауіпсіздігі, кәмлетке толмағандардың істері, жастар мен жас өспірімдер және олардың құқықтарын қорғау бойынша ішкі істер бөліміндегі кәмелетке толмаған жастар мен жас - өспірімдер ісі жөніндегі инспекторлардың және аудан әкімдігінің бас инспектор-кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысының жұмыстарын зерделеу;*

Бұл мәселені зерделеу «Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына» жүктеледі (**Джамангозов Бейкут Тилебалдыевич**).

*Б) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңына сәйкес 2025-2026 жылдары Қарасай ауылдық*

округінің атқарылған жұмыстары туралы және округ әкімдігімен көрсетілген мемлекеттік қызметі бойынша зерделеу

**В) Дәрі-дәрмек бағасын тұрақтандыруды зерделеу**

Бұл мәселелерді зерделеу «Бюджет, қаржы және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті қолдау мәселелері жөніндегі комиссиясына» жүктеледі (Алматаева Айнура Тұрлыбекқызы).


Кенес отырысы өз жұмысын күн тәртібіне сәйкес мәселелерді толығымен қарап, өз жұмысын аяқтады.

Аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы:



Н.Молдабеков

Аудандық Қоғамдық кеңестің хатшысы:



Р.Имашева